

Автор: Қасымбекова Балнұр

Пән: Математика


Сынып: 3-сынып



Бөлім: Үш таңбалы сандарды қосу және азайту

Тақырып: Тонна.Грамм.Центнер. Масса мәндерін түрлендіру және оларға арифметикалық амалдар қолдану

| | |
|----------------------|---|
| Сабақ мақсаттары: | Барлық білім алушылар: Массаның өлшем бірліктерін салыстырады. Білім алушылардың басым бөлігі: Шамалардың мәнін салыстыру және оларға амалдар орындайды. Кейбір білім алушылар: Шамаларды түрлендіреді. |
| Тілдік мақсаттар | Тілдік дағдылар: Масса, кг, центнер Терминология: Масса, грамм, тонна Талқылау: - Массаның қандай өлшем бірліктері қолданылады? Жазылым: Өрнектер, тонна, грамм. |
| Құндылықтарды дарыту | Өзара сыйластық, жауапкершілік, еңбекқорлық. |

Сабақ барысы

| Сабақ кезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|--|---|---|
| Басталуы: (5мин) | Ынталандыру. Бүгінгі сабақта Астана архитектурасы, оның көрнекі жерлері туралы әңгімені жалғастыру. | |
| Жаңа тақырып бойынша: (уақ:1.57сек) |  | https://bilimland.kz/kk/subject/matematika/3-synyp/czentner-massa-manderin-turlendiru-zhane-olarha-arifmetikalyq-amaldar-qoldanu?mid=%info% |

| Сабақкезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---------------------|--|---|
| Ортасы: (30 мин) | <p>Ынталандыру. Бүгінгі сабақта Астана архитектурасы, оның көрнекі жерлері туралы әңгімені жалғастыру. Өзектендіру. Ауызша жұмыс «Математикалық диктант» 1. 499 бен 501 сандарға көршілес санды жазыңыз? (500). 2. Ең кіші ұштаңбалы санды жаз? (100). 3. Ең үлкен ұштаңбалы сандарды жазыңыз? (999) Сандарды жазыңдар: - 2 жүздік 4 ондық 1 бірлік; - 5 жүздік 3 ондық; - 7 ондық 9 бірлік; - 1 жүздік 8 ондық 6 бірлік; - 3 жүздік 7 бірлік. Көрсетілген өлшем бірліктеріне өрнекте: 6 ц 25 кг = кг 7ц 35кг =кг 600 ц = ... кг 165 кг =ц Кг Мақсат қою (мәселелі жағдаят) №1 тапсырмаға арналған мәтінді оқыңыз: Бәйтерек. Ғимараттың биіктігі- 97 метр, шармен қоса санағанда - 105 метр. Шардың диаметрі - 22 метр. Шардың жеке массасы - 300 тонна. Құрылыс кезінде 999 тоннаға жуық металл құрастырылымы қолданылды. Жаңа масса өлшем бірлігін атаңыздар. Жаңаны ашу. - Массаның өлшем бірліктер кестесін қара. Тонна - массаның ең ірі өлшем бірлігі. Ал сіз ұсағырақ өлшем бірліктерін білесіз бе? Оқулық бойынша масса өлшем бірліктері кестесімен және тұсаукесермен жұмыс. - Сіздер енді қандай масса өлшем бірліктерін білесіздер? (Грамм, килограмм, тонна, центнер). - Грамм, тонна, килограммнен неі өлшеуге болады? 1 кг-да неше грамм бар? (1000 г). Гірлердің массасы қандай болатынын қара. - Мына төмендегі массаларды алу үшін қандай бірліктер алу керек? 80 г? (50 г, 20 г, 10 г) 300 г? (200 г, 100 г) 600 г? (500 г, 100 г) 745 г? (500 г, 200 г, 20 г, 20 г, 5 г) 900? (500 г, 200 г, 200 г). Мақсат қою (мәселелі жағдаят). Өзіндік жұмыс. Жаңаны қолдану. Оқулықтан немесе дәптерден есептің осындай түрін құрастыруға және шығаруға берілген тапсырмаларды ұсынады. Бағалау критерийлері бар дәптердегі тапсырма бойынша өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізеді. Мен: - бірліктерді пайдаланып, шамаларды есептеуді (грамм, тонна); - шамалардың мәнін салыстыруды және осы бойынша амалдар орындауды; - өзара қатынастар негізінде масса бірліктерін өрнектеуді.</p> | |
| жаттығу: |  | https://bilimland.kz/kk/subject/matematika/3-synyp/czentner-massa-manderin-turlendiru-zhane-olarha-arifmetikalыq-amaldar-qoldanu?mid=f8f2e1f1-9ee4-11e9-a361-1f1ed251dcfe |
| жаттығу |  | https://bilimland.kz/kk/subject/matematika/3-synyp/czentner-massa-manderin-turlendiru-zhane-olarha-arifmetikalыq-amaldar-qoldanu?mid=f8f2e1f2-9ee4-11e9-a361-1f1ed251dcfe |